

6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға арналған Токенова Ақерке Мұратқызының «Ұзын қылтықты жуаның (*Allium longicuspis* L.) оңтүстік – шығыс Қазақстан табиғи популяциясы және интродукциясында морфологиялық мүшелерінің фенотиптік өзгергіштігі» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

1. Диссертация тақырыбының өзектілігі, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы

Ботаникалық бақтар жұмысының маңызды бағыты – өсімдіктердің интродукциясы, оның барысында көптеген тәжірибелік және теориялық мәселелер шешіледі. Сол себепті ұзын қылтықты жуаны (*Allium longicuspis*) жерсіндіру мақсатында, оның морфобиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған А. М. Токенованың диссертациялық жұмысы өзекті болып есептелінеді.

2. Зерттеу мақсатына жету дәрежесін бағалау

Ақерке отандық және шетелдік жұмыстар мен зерттеу әдістері жемісті талқыланатын семинарлар мен конференцияларға қатысып тұрады. Зерттеу нәтижелері «XXI ғасырдағы ғылыми зерттеулердің өзекті тәсілдері мен бағыттары» (2018) «Поволжск ғылыми корпорациясы» ФЗО халықаралық ғылыми–практикалық конференциясында; 2022 жылғы 7 желтоқсандағы ҚР ЭБЖМ ҚХЖМ ботаника және фитоинтродукция институтының ғылыми кеңесінде ұсынылды.

3. Ізденушінің алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі

Токенова Ақерке зерттеулер жүргізу барысында ғылыми әдебиеттермен танысумен бірге, елеулі далалық және зертханалық ғылыми тәжірибелер жүргізуге қатысты. Ізденуші Германияның Гёттинген Microsynth SeqLab зертханасында нуклеотидтер тізбегін секвенирлеудің тағылымдамасынан өтіп, зерттелетін популяциялардың ұқсастық дәрежесін көрсететін дендрограмма құрды. Ол зерттеушінің одан әрі халықаралық тәжірибе зерттеу бойынша ғылыми өсуіне ықпал етті.

4. Қажетті ақпаратты табу дағдыларын бағалау

Диссертацияда Токенова А. М. зерттеуді терең және жан-жақты жүргізуге мүмкіндік берген 250-ге жуық шетелдік және отандық әдебиет көздерін пайдаланды. Ақерке мерзімді басылымдардың материалдарын, Интернет ресурстарын кеңінен қолданып, ғылыми жұмыстармен жұмыс істеу қабілетін көрсете білді.

5. Диссертацияда көрсетілген докторанттың белгілі бір білімінің болуы

А. М. Токенованың диссертациясы жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған аяқталған ғылыми дербес жұмыс болып табылады. Автор ұзын қылтықты жуаның (*Allium longicuspis*) табиғи популяциясының және сарымсақтың (*Allium sativum*) С дәруменінің салыстырмалы мөлшерін

және фузариоз ауруына төзімділігін анықтап, жабайы жуаның шежіресін анықтау үшін заманауи әдістерді: молекулалық маркерлеу және кариологиялық талдау жүргізді.

Ұзын қылтықты жуа (*Allium longicuspis*) сарымсақтан (*Allium sativum*) шыққан деген қорытынды жасап, оны тіршілік ету мекенінде сақтап және көкөніс дақылы ретінде жерсіндірудің қажеттілігін атап өтіп, селекциялық үрдіске, шаруашылық құнды белгілері бойынша ерекшеленген үлгілерді, стресске төзімділік және өнімділік көзі ретінде ұсынды.

6. Докторанттың жарияланымдарын тізімдеу

Докторанттың зерттеулерінің негізгі нәтижелері мен қорытындылары ғылыми жарияланымдар, конференциялар мен семинарларда ұсынылды.

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда (4), халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында (1), РИНЦ – 1, 1 мақалалары Scopus дерекқорына кіретін Bline Journal of Biological Sciences журналында жарияланған.


7. Жалпы қорытынды

Оқу және жұмыс барысында мақсатқа жету үшін, ол өзін зерттеудің мақсаты мен міндеттерін мақсатты және табанды түрде тұжырымдауға қабілетті, бастамашыл зерттеуші ретінде көрсете білді. Ізденуші алған теориялық және практикалық нәтижелер, зерттеу тақырыбын терең түсініп талдау және жуалардың шежіресін анықтауға, молекулалық маркерлеуді, кариологиялық зерттеулерді сәтті қолданып, алынған деректерді өндеудің заманауи әдістерін пайдалана білуі, автордың жоғары біліктілігін көрсетеді.

Ізденушінің жеке қасиеттері, оның зерттеу аясындағы құзыреттілігі, әдеби көздермен жұмысының көлемі, диссертацияның теориялық және практикалық маңыздылығы, автордың алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі, Токенова Акерке Мұратқызын 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша PhD докторанттың ғылыми дәрежесін бағалау кезінде лайықты деп санауға мүмкіндік береді.

Дайындалған Жарияланымдар жүргізілген жұмыстардың дербестігін растайды. Сол себепті, Токенова Акерке Мұратқызы 6D080100 – «Агрономия» мамандықтары бойынша PhD ғылыми дәрежесін беру талаптарына сәйкес келеді деп есептеймін.

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.д.,
«Агрономия, селекция
және биотехнология»
кафедрасының профессоры



С.Е. Сулейменова

